



Шығыс Қазақстан облысы білім  
басқармасы Тарбағатай ауданы  
бойынша білім бөлімінің  
«Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК

«Балдырған» /2-3жас/ II-кіші тобының  
2020-2022 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің

# Жылдық жұмыс жоспары

Тәрбиешілер: Зейделова Б.М.  
Бердикожанова Ж.Ш.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
 министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы  
 № 557 бұйрығына 1-қосымша  
 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
 министрлігінің 2020 жылғы 12 мамырдағы  
 № 195 бұйрығына 1-қосымша

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты  
 негізінде 2021-2022 оқу жылында «Балдырған» /2-3 жас/ II кіші тобының  
 ұйымдастырылған оқу қызметінің диагностикасы**

№	Білім беру саласы	Ұйымдастырылған оқу қызметі	Апталық оқу жүктемесі	
			Инв	Вар
I	<b>«ДЕНСАУЛЫҚ»</b>		<b>3</b>	<b>-</b>
		1. Дене шынықтыру	3	
II	<b>«ҚАТЫНАС»</b>		<b>1</b>	<b>-</b>
		1. Сөйлеуді дамыту	0,5	
		2. Көркем әдебиет	0,5	
III	<b>«ТАНЫМ»</b>		<b>2</b>	<b>-</b>
		1. Сенсорика	0,5	
		2. Құрастыру	0,5	
		3. Жаратылыстану	1	
IV	<b>«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ»</b>		<b>3</b>	<b>-</b>
		1. Сурет салу	1	
		2. Мүсіндеу	0,25	
		3. Жапсыру	0,25	
		4. Музыка	1,5	
Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі			<b>9</b>	<b>-----</b>
Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы			<b>10-15 минут</b>	

Тәрбиешілер:  Зейделова Б.М.  
 Бердикожанова Ж.Ш.

"Қатынас" білім беру саласы

СӨЙЛЕУДІ ДАМУ

0,5-сағат

**Қыркүйек айы**  
**«Қатынас» білім беру саласы, сөйлеуді дамыту**  
**Өтетін тақырып: «Менің балабақшам»**

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I -III апта Менің балабақшам	Сөздік қор	«Біздің топ» (Әңгімелесу)	Б/м: балаларды топ бөлмесімен таныстыру, ондағы жиһаз атауларын атауға, олардың қызметін сипаттап беруге үйрету Д/м: сұрақтарға жауап беріп, диалогтік сөйлеуге дағдыландыру Т/м: топтағы жиһаздарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	2	02.09 16.09 №1
Vапта Менің сүйікті ойыншығым	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті	«Менің сүйікті ойыншығым» (Әңгімелесу)	Б/м: балалардың сүйікті ойыншықтары арқылы оларды бауырмалдыққа, мейрімділікке, қамқор болуға дағдыландыру. Д/м: сөзді анық айтып, дұрыс сөйлей білуге баулу, сөздік қорларын дамыту. Т/м: ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу.	2	20.09 №2

**Қазан айы**  
**Өтетін тақырып: «Менің отбасым»**

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II-III апта Менің отбасым, ата-аналар еңбегі	Байланыстырып сөйлеу	«Менің отбасым» (Әңгімелесу)	Б/м: балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Д/м: сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Т/м: отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу.	2	07.10 11.10 №3
IV-V апта Алтын күз	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті	«Күзгі бақ» ( Сурет бойынша )	Б/м: балалардың күз мезгілінің ерекшелігін бақылату арқылы маусымдық өзгерістер жайлы білімдерін кеңейту. Д/м: қоршаған ортадағы табиғат өзгерістері, күзгі адамдар еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Т/м: табиғатты аялауға, әсемдікті көре білу, сезінуге тәрбиелеу.	2	21.10 25.10 №4

**Қараша айы**  
**Өтетін тақырып: «Дені саудың –жаны сау»**

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-II апта Өзім туралы	Байланыстырып сөйлеу	«Адамның дене мүшелері» (Өңгімелесу)	Б/м: адам дене мүшелерін, олардың атқаратын қызметтерін үйрету. Д/м: логикалық ойлау қабілеттері, сөздік қорын арттыру. Т/м: тазалыққа, ұқыптылыққа үйрету.	2	02.11 08.11  №5
III-IV апта Өзіңе және өзгелерге көмектес	Байланыстырып сөйлеу	«Мен тәртіпті баламын»	Б/м: тапқакты мұқият тыңдау, олардың мазмұнын түсіндіру. Д/м: өлең жолдарын жатқа айта білуге үйрету. Т/м: әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.	2	18.11 22.11 №6

**Желтоқсан айы**  
**Өтетін тақырып: «Менің Қазақстан»**

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-II апта «Туған өлке»	Тілдің грамматикалық құрылымы	«Менің туған ауылым» (Өңгімелесу)	Б/м: туған өлке оның табиғаты, айналасындағы заттар туралы түсініктерін кенейту, зат есімдерді көмекші сөздермен: үстінде, астында, жанында бірге қолдануға, қоршаған ортасы туралы сұрақтар қоюға үйрету Д/м: ана тіліндегі дыбыстар мен сөздерді анық айту қабілеттерін дамыту. Т/м: патриоттық тәрбие беру.	2	02.12 06.12 №8
VI-V апта Үйдегі және балабақша дағы қауіпсіздік	Сөздік қор	«Қауіпсіздік ережелері» (Өңгімелесу)	Б/м: балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ерекшеліктерін түсіндіру. Д/м: үйде, балабақшада сақтау керек қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін дамыту. Т/м: қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу; қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу.	2	20.12 30.12 №9

**Қаңтар айы**  
**Өтетін тақырып: «Табиғат әлемі»**

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-II апта Айналамыз -дағы өсімдіктер	Сөздік қор	«Бөлме өсімдігі» Фигус гүлі (Әңгімелесу)	Б/м: балалардың гүлдерге деген қамқорлық сезімдерін ояту. Бөлме гүлдерінің бірі- фикус гүлімен таныстыру. Д/м: гүлдердің қалай өсіп- өнетіні жөніндегі білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту. Т/м: гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттырып, оларды қамқорлыққа ала білуге және күтіп баптауға үйрету.	2	03.01 13.01 № 10
III-IV апта Құстар – біздің досымыз	Сөздік қор	«Үй құстары» (Әңгімелесу)	Б/м: құстар туралы түсініктерін кеңейту, үй құстарын топтастыру, олардың өздеріне тән ерекшеліктерін атай білуге үйрету. Д/м: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Т/м: Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	2	17.01 24.01 №10

**Ақпан айы**  
**Өтетін тақырып: «Бізді қоршаған әлем»**

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II апта. Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыс тары)	Тілдің грамматика лық құрылымы	«Табиғат құбылыстары» (Әңгімелесу)	Б/м: табиғат құбылыстары күн, қар, жел, боран туралы түсінік беру. Д/м: балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыру, тілдерін жетілдіру. Т/м: табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу	2	07.02 10.02 №11
IV апта Электрони- ка әлемі	Сөздік қор	«Компьютер» (Әңгімелесу)	Б/м: балалардың жас шамасына сәйкес компьютер туралы қарапайым түсінік беру, оны пайдалану ережелерімен таныстыру. Пайдасы мен зияны туралы түсіндіру. Д/м: балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу арқылы тілдерін дамыту. Т/м: ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу.	2	21.02 24.02 №12

**Наурыз айы**  
**Өтетін тақырып: «Салттар мен фольклор»**

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II апта Қазақтың салттары мен дәстүрлері	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті	«Бесік» (Өңгімелесу)	Б/м: балалардың бесік туралы білімдерін кеңейту. Бесіктің құрлысымен таныстыру. Д/м: бесік жырын тындату, сөздердегі дауыссыз дыбыстарды анық айтуға, тыңдалған бесік жырын қайталап айтуға үйрету. Т/м: тыйым сөздерді есте сақтауға тәрбиелеу.	2	07.03 10.03 №13
IV-V апта Өнер көзі халықта	Сөздік қор	Ұлттық бұйымдар «Тостаған» (Өңгімелесу)	Б/м: қазақтың ұлттық бұйымы тостағанмен таныстыру. Д/м: заттардың қасиеттерінің және олармен әрекеттердің атауын айтқызу арқылы тілдерін дамыту. Т/м: ұлттық бұйымдарға деген қызығушылықтарын арттыру.	2	31.03 28.03 №14

**Сәуір айы**  
**Өтетін тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»**

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II-III апта Аялайық гүлдерді	Сөздік қор	«Бақбақ гүлі» (Өңгімелеу)	Б/м: көктем гүлдерімен таныстыру, бақбақ гүлі туралы түсінік беру. әсемдікті, әдемілікті көре білуге, табиғатты қорғап-аялауға үйрету. Д/м: балалардың қызығушылықтарың, ойлау қабілеттерін дамыту. Т/м: ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	2	07.04 11.04 № 15
III-IV апта Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті	«Тасбақа» (Таныстыру)	Б/м: тасбақамен таныстыру, оның сыртқы ерекшеліктері мен дене бөліктерін атауға. сөздік қорды антонимдермен толықтыруға, сөздерді септелуіне қарай байланыстыруға үйрету. Д/м: ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту. Т/м: жабайы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	2	21.04 25.04 №16

**Мамыр айы**  
**Өтетін тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»**

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-III апта Достық – біздің тірегіміз (халықтар достығы)	Байланыстырып сөйлеу	«Ортақ мекен жер шары» (Әңгімелесу)	Б/м: балаларды басқа балабақшадағы, ауладағы балалармен дос болуға баулу. Д/м: балалармен тілдік қарым-қатынас мәдениетін сақтауға үйрету. Т/м: татулыққа, достыққа тәрбиелеу	2	05.05 16.05 №17
III-IV апта Көңілді жаз	Сөздік қор	«Алақай, жаз келді!»  (Сурет бойынша әңгімелеу)	Б/м: жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту. Сурет бойынша әңгіме құрауға және сөздерді байланыстырып айтуға дағдыландыру. Д/м: жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат жайлы түсінік беру. Т/м: табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру	1	19.05 30.05 №18

"Қатынас" білім беру саласы

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ

0,5-сағат

**Қыркүйек айы**  
**«Қатынас» білім беру саласы: Көркем әдебиет**  
**Өтетін тақырып: «Менің балабақшам»**

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II апта Менің достарым	Жаттау	«Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли (Жаттау)	Б/м: құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету. Д/м: өлең арқылы ойында және қарым -қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу. Т/м: өзара сыйластыққа тәрбиелеу.	2	08.09  №1
-IY апта «Менің ойыншықтарым»	Жаттау	«Менің ойыншықтарым» (өлең) Қ МырзаӘли (Жаттау)	Б/м: ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақтың интонациясын сақтап айтуға үйрету Д/м: дыбыстарды дұрыс,анық айта білуге үйрету Т/м: ойыншықтарына сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу	2	22.09 №2

**Қазан айы**  
**Өтетін тақырып: «Менің отбасым»**

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II апта Біздің көше	Әңгімелеу	«Менің көшем» (суретпен жұмыс)	Б/м: балалардың мекен-жайы туралы, өздері тұратын көшесі туралы әңгімелесу. Д/м: балалардың ойлау, есте сақтау және қолдың ұсақ моторикасының қабілеттерін дамыту. Сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуін дамыту. Т/м: өз көшелерін таза ұстауға тәрбиелеу.	2	13.10  №3
IY апта Алтын күз	Жаттау	«Алтын күз» Ғ. Қайырбеков (жаттау)	Б/м: балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Д/м: өлеңді жаттату арқылы ой-санасын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Т/м: табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	2	27.10 №4

**Қараша айы**  
**Өтетін тақырып: «Дені саудың- жаны сау»**

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I апта Дұрыс тамақтану. Дәрумендер	Әңгімелеу	«Дені саудың-жаны сау» (Әңгімелеу)	Б/м: дұрыс тамақтанудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. Д/м: өз-өзіне қызмет көрсете алу және салауатты өмір салтын ұстанып, күн тәртібінің сақталуы туралы білім беру. Тазалыққа, ұқыптылыққа баулу. Т/м: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	2	01.11 03.11 №5
III апта Өзіңе және өзгелерге көмектес	Адамдар еңбегі	« Ж.Смақов «Қуыршақ»  /Тіл ашар хрестоматия 270-бет/» (оқып беру)	Б/м:Өленнің мазмұнымен таныстыру. Д/м:Диалогты сөйлеуге жаттықтыру.Сөздік қорын байыту. Т/м:Тазалыққа,еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	2	15.11 17.11 №6
V апта Өзіңе және өзгелерге көмектес	Еңбек бәрін жеңбек	Н.Жанаев «Еңбек сүйгіш құмырсқа» /Тіл ашар хрестоматия 250-бет/	Б/м: өленнің мазмұнымен таныстыру.Құмырсқаның еңбекқорлығы туралы түсінік беру. Д/м: ой-өрісін, танымын кеңейту. Т/м: еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	24.11 №8

**Желтоқсан айы**  
**Өтетін тақырып: «Менің Қазақстан»**

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II-III апта Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті мемлекеттік рәміздер)	Айтып беру	«Біз – Тәуелсіз Қазақстан балаларымыз» (тақпақ жаттау)	Б/м: Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер туралы түсінік беру. Д/м: тақпақ жаттату арқылы тақпақтардың интонациясын қабылдау,сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту. Т/м: туған жерін, елін, Отанын сүйуге, қазақ елінің ұлттық нышандарын қастерлеуге тәрбиелеу.	2	08.12 13.12 №7
IV-V апта Туған өлкем	Әңгімелеу	«Туған өлкем-тамаша» (сурет бойынша жұмыс)	Б/м: туған өлке туралы мәлімет беру. Сурет арқылы әңгіме құрауға үйрету. Д/м: балалардың ақыл-ойын,есте сақтау қабілетін дамыту. Т/м: туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	2	22.12 27.12 №8

**Қаңтар айы**  
**Өтетін тақырып: «Табиғат әлемі»**

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-II апта Жануарлар әлемі	Әңгімелеу	«Жануарлар әлемі» (қоян, түлкі, аю) (суретпен жұмыс)	Б/м: жануарлармен және олардың атауларымен таныстыру. Д/м: балаларға сұрақ қою арқылы бір - екі сөзбен жауап беруге үйрету. Т/м: балаларға сұрақ қою арқылы бір - екі сөзбен жауап беруге үйрету	2	05.01 10.01 №9
III-V апта Ғажайып қыс	Әңгімелеу	«Қыс» (сурет бойынша әңгіме)	Б/м: қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгіліндегі ауа- райының ерекшеліктері туралы түсіндіру. Д/м: ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Т/м: абиғатты қорғауға тәрбиелеу.	2	19.01 31.01 №10

**Ақпан айы**  
**Өтетін тақырып: «Бізді қоршаған әлем»**

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-III апта Көліктер	Әңгімелеу	«Көліктер» (сурет бойынша әңгімелеу)	Б/м: көлік түрлерін ажырата білуге үйрету.(су, әуе, темір жол , жол) Д/м: суреттегі заттарды өзара байланыстыруға үйрету.Сөздік қорларын кеңейту. Т/м: әдептілік тәрбиелеу.	2	02.02 14.02 №11
III-V апта Мамандықтың бәрі жақсы	Әңгімелеу	«Мамандықтың бәрі жақсы» (Әңгімелеу)	Б/м: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Д/м: әр мамандықтың өзінің қызығы мен қиындығы болатынын түсіндіру. Т/м: үлкендерді еңбегін бағалауға тәрбиелеу	2	16.02 28.02 №12

**Наурыз айы**  
**Өтетін тақырып: «Салттар мен фольклор»**

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I-III апта Нұр төккен, гүл көктем	Әңгімелеу	«Наурыз-жыл басы» (сурет бойынша әңгімелеу)	Б/м: жыл басы- Наурыз туралы түсінік беру. Сурет бойынша Наурыз мерекесін өткізу ерекшеліктері жайлы түсініктерін кеңейту. Д/м: сөздік қорларын дамыту. Т/м: ұлттық мерекеге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу.	2	02.03 14.03 №13

**Сәуір айы**  
**Өтетін тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»**

Апталық тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
II- апта Ас атасы - нан	Оқып беру	«Қайдан келдің бауырсақ?» Өтебай Тұрманжанов (Оқып беру)	Б/м: нанның қасиеті туралы түсінік беру. Д/м: қиялын, есте сақтау қабілеттерін жетілдіріп, мазмұнын түсіну және эмоциалы қабылдау, ойында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеу, ой қиялын дамыту. Т/м: нанды қадірлеуге, қастерлеуге, еңбекке деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.	1	04.04 06.04 №14
IV-апта Еңбек бәрін жеңбек	Әңгімелеу	«Әке мен бала» Ыбырай Алтынсарин (әңгімелеу)	Б/м: балаларға әңгіменің мазмұнын түсіндіру. Д/м: әңгіме туралы өзіндік білім қалыптастыру, сұрақтарға мазмұнды жауап беруге дағдыларын дамыту. Т/м: үлкендерді тыңдауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	18.04 20.04 №15

**Мамыр айы**  
**Өтетін тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»**

Апталық тақырып тар	Бөлімдері	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I апта «Әрқашан күн сөнбесін»	Әңгімелеу	Жеңіс мерекесі (әңгімелеу)	Б/м: балаларға жеңіс күні туралы мағлұмат беру. Д/м: сурет бойынша әңгімелеп айтуға, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Т/м: аға ұрпақтың өсиетіне адал болуға және балаларды Отаншылдық сезімге тәрбиелеу.	1	02.05 04.05 №16
III-IV апта Мен жасай аламын	Әңгімелеу	«Не үйрендік?» (Қорытынды)	Б/м: жыл бойғы алған білімдерін сұрақ –жауап арқылы пысықтау. ойылған сұрақтарға бір, екі сөзбен дұрыс жауап беруге үйрету. Д/м: тілдерін дамыту, сөздік қорын молайту. Т/м: өздерді дұрыс айтуға талпындыру.	1	18.05 23.05 №17

"Таным" білім беру саласы

СЕНСОРИКА

0,5-сағат

## СЕНСОРИКА

### Кіші топ 2-3 жас

№	Оқу қызметінің тақырыбы	Мақсаты мен міндеттері	Сағат саны	мерзімі
1	Құлыншаққа арналған жол	<b>Мақсаты:</b> жолақшаны түстерді алмастыра отырып қоюға үйрету. <b>Міндеттері:</b> балаларға төрт түстің ішінен (қызыл,көк) затты таңдауға үйрету; заттарды түсі б/ша топтастыру іскерлігін бекіту; «көз-қол» сенсомоторлық кеңістік үйлесімділігін дамыту; ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.	1	01.09.21 №1
2	Шуақты күн	<b>Мақсаты:</b> түрлі түсті дөңгелектерден композиция құрастыруға үйрету. <b>Міндеттері:</b> шеңберден шықпауға, олардан қарапайым композиция жасауға, таныс пішіндерді бейнелеуге үйрету; ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту; ұсақ қол моторикасын дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	
3	Көкөністер	<b>Мақсаты:</b> дөңгелекті сопақшадан ажырата білуді үйрету. <b>Міндеттері:</b> сәйкес пазылдарға пішінді орналастыра отырып, дөңгелекті (қызанақ) сопақшадан (қияр) ажырата іріктеуге үйрету; жазықта үлкен көлемді геом-лық пішіндерді салыстыра білуге: қияр-сопақша, қызанақ-дөңгелек; б/ша салыстыруды, көзбен мөлшерлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	
4.	Үйдің терезесі	<b>Мақсаты:</b> заттардың пішіні мен көлеміне қарай топтастыруды үйрету. <b>Міндеттері:</b> балаларды 2 әртүрлі пішін (дөңгелек, шаршы) мен 2 әртүрлі көлемдегі (үлкен, кішкентай) заттарды таңдауды жүзеге асыра отырып пішіні мен көлеміне қарай топтастыруды үйрету; «көз-қол» сенсомоторлық кеңістік үйлесімділігін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	
5	Әтешті құрастырамыз	<b>Мақсаты:</b> заттарды көлемі б/ша ажырата білуге үйрету. <b>Міндеттері:</b> көлемі б/ша сақиналарды таңдай отырып, пирамиданы жинауға үйрету; үлкен және кішкентай сақинаны тапқызу; ұжымдаса әрекет ете отырып, пирамиданы жинауды орындату. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Балаларды үй құстарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	1	
6	Үлкен және кішкентай	<b>Мақсаты:</b> балалардың назарын әртүрлі көлемдегі заттарға аударуға үйрету. <b>Міндеттері:</b> үлкен және кішкентай сөздерінің мағынасын түсінулерін қалыптастыру; балаларды үлкен және кішкентай заттарды көрсете білуге, сөздерді дұрыс айта білуге тілдерін жаттықтыру, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.	1	

7	Үйшік	<p><b>Мақсаты:</b> заттардың үлесі бойынша салыстыру тәсілдерін (қатарластырып қою және беттестіру) үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> заттардың өлшемін сөзбен (ауызша) білдіру; пішіні б/ша геом-лық пішіндерді топтастыру икемділігін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. ҰОҚ-не қызығушылығы мен ынтасын арттыру.</p>	1	
8	Қуыршақ Әйгерімге арналған моншақтар	<p><b>Мақсаты:</b> Геом-лық пішіндерді көлемі мен түсі б/ша кезектестіріп қоя алуға б/ша тандай алуға үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> қызыл,көк түстер туралы түсінікті бекіту; «түсі б/ша әртүрлі», «өлшемі б/ша әртүрлі», деген түсініктерді дұрыс қолдану; ұсақ бөлшектерді бауға тағуды орындай отырып, қолдың ұсақ моторикасын дамытуды жалғастыру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.</p>	1	
9	Шырша бізге қонаққа келді	<p><b>Мақсаты:</b> заттарды түстерді б/ша тандай алуға үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> балаларда әртүрлі түстегі ойыншақтарды шыршаға дұрыс орналастыру дағдыларын дамыту; балалардың көңілді Шеңбермен жүру дағдысын жетілдіру; оқу қызметінде шығармашылық, психологиялық жағымды атмосфераны тудыру.</p>	1	
10	Шыршалар мен саңырауқұлақтар	<p><b>Мақсаты:</b> заттарды түсі б/ша тандай алуға үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> балалардың назарын түстің әртүрлі заттарды бейнелеу үшін қолданылуы мүмкін екеніне аудару: түстері б/ша нысандарды алмастыруды үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p>	1	
11	Тауық және оның балапандары	<p><b>Мақсаты:</b> түстің әртүрлі заттардың белгісі бола алатындығына назарларын аударуға үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> түс заттардың сипатын білдіру үшін қолданылуы мүмкін екендігіне балалардың назарын аудару. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Балаларды үй құстарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.</p>	1	
12	Сақинаны ал	<p><b>Мақсаты:</b> түстері б/ша тандай алуға үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> балаларда заттық-жабдықтық әрекетті қалыптастыру: таяқтың көмегімен түрлі түсті заттарды өзіне қарай жылжыту. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Сөйлеу тілдерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>		
13	Қуыршаққа арналған тартулар	<p><b>Мақсаты:</b> өлшемі әртүрлі біртекті заттарды 2 топқа бөлуге үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> балалардың назарын заттардың өлшеміне аудару, оларда өлшем айырмашылығы мен ұқсастықты орнатудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру; «осындай», «мұндай емес», «үлкен», «кішкентай» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.</p>	1	

14	Қақпақтар	<b>Мақсаты:</b> түстері б/ша таңдай алуға үйрету. <b>Мақсаты:</b> Екі түрлі түсті біркелкі заттарды топтастыру және салыстыруға үйрету; Сары және жасыл түстерді топтастыруды, қимыл үйлесімділігін дамыту; Ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	
15.	Бақбақ гүлдер	<b>Мақсаты:</b> заттарды үлгі б/ша орналастыра алуға үйрету. <b>Міндеттері:</b> фланеграфта түрлі түсті геом-лық пішіндерді—дөңгелек пен үшбұрышты орналастыруды үйрету; белгілі бір түстегі пішінді әртүрлі заттарды бейнелеу (бақбақ гүлді) үшін қолданылуы мүмкін екеніне балалардың назарын аудару; Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	1	
16	Түрлі түсті шалғын	<b>Мақсаты:</b> әртүрлі заттарды өлшемі б/ша салыстыруды үйрету. <b>Міндеттері:</b> үлгідегідей орналастыруды үйрету, сөйлеу тілдерін дамыту; ойлау қабілетін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	1	
17	Ұшатын көбелектер	<b>Мақсаты:</b> Негізгі түстерді (қызыл, жасыл, сары, көк) атау, тани алу дағдыларын бекіту. <b>Міндеттері:</b> заттардың түстері жайлы білімдерін, заттарды түстері б/ша іріктеу ептілігін бекіту; негізгі түстеріне қарай педагогтың айтуы б/ша әрекет жасауға үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	1	
18	Көжекті жасыр	<b>Мақсаты:</b> түстері б/ша нысандарды топтастыру дағдысын үйрету.. <b>Міндеттері:</b> төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету, қызыл, жасыл, сары, көк түстерді ажырата білуге үйретуді жалғастыру; зейінділікті, қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл үйлесімділігін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	
19	Дөңгелек күн	<b>Мақсаты:</b> Әртүрлі заттарды түсі және пішіні б/ша сәйкестендіре алу дағдыларын бекіту. <b>Міндеттері:</b> тапсырыс пен сөздік мағынасы б/ша, заттарды түсіне қарай іріктеуді үйрету; балалардың түс пен пішін жайлы білімдерін бекіту; қабылдауды, есте сақтауды, көрнекі бейнелік ойлауды дамыту; балаларды әртүрлі сенсорлық сезінулерімен байыта отырып қоршаған ортада бағдарлау тәжірибесін кеңейтіп, талпынушылық пен білуге деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	
<b>жиыны</b>			19	

"Таным" білім беру саласы

ҚҰРАСТЫРУ

0,5-сағат

**Құрастыру 0,5**  
**Қыркүйек айы 2021 жыл**  
**Өтетін тақырып: «Балабақша»**

Апта Күні, айы, жылы	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Әдіс-тәсілдер
II  №1 06.09.21 ж	«Менің балабақшам»	Жүргінші жолы	<p>БМ: Балаларды кірпіштен "ала жолақты жүргінші жолын" жасауға үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру.</p> <p>ДМ: Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын және түйсігін дамыту.</p> <p>ТМ: Балалардың құрылыс материалдарымен әрекет жасауға қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде жолдастық қарым-қатынасқа және ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>
IV  №2 20.09.21 ж	«Менің бала бақшам»	«Үстел және орындық»	<p>1. Балаларға құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып үстел мен орындықты құрастыра білуге үйрету.</p> <p>2. Сөздерді дұрыс айту арқылы сөйлеу тілін дамыту.</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>

			3.Құрылыс материалдарымен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу	
--	--	--	---	--

### Қазан айы 2021 жыл

#### Өтетін тақырып: «Менің отбасым»

Апта Күні, айы, жылы	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты.	Әдіс-тәсілдер
II  №3 04.10.21 ж	«Күз сыйы»	Күздік алмаларға қорапша	<p>БМ: Балаларды құрылыс материалы кірпіштен қорапша құрастыруға үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу қабілеттеріне дағдыландыру.</p> <p>ДМ: Балаларды кірпіштің қасиеттері мен ерекшеліктерін қабылдау мүмкіндіктерін арттыру; қолдарының ұсақ моторикасын, байқағыштығы мен зейінін, түйсіну қабілетін дамыту.</p> <p>ТМ: Балалардың құрылыс материалдарынан пішіндер құрастыруға деген қызығушылықтарын қалыптастыру; күзгі уақыттағы адам еңбегін құрметтеу әдебіне тәрбиелеу; еңбек нәтижесіне қуану әдетін қалыптастыру.</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>
IV	Алтын күз	«Үйлер»	БМ: Түрлі-түсті қағаздарды пайдаланып үй құрастыра білуге үйрету.	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p>

№4 18.10.21 ж			ДМ: Олардың өзара қатынасы мен ерекшеліктеріне сәйкес құрастыру дағдыларын қалыптастыру. ТМ: Өзара қарым-қатынас жасай білу мәдениетіне тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап Үйрету
------------------	--	--	---	-----------------------

### Қараша айы 2021 жыл

#### Өтетін тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Апта Күні, айы, жылы	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты.	Әдіс- тәсілдер
I №5 01.11.21ж	Дені саудың жаны сау	«Доптар»	БМ: Құрылыс материалдарын дұрыс пайдалану арқылы доп құрастыруға үйрету ДМ: Сөздік қорын, ұсақ моторикасын дамыту. ТМ: Ойыншықтарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
III №6 15.11.21ж	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Ақтөс күшіктің үйшігі	БМ: Балаларды кірпіштерді көлденең, призманы үстінен қойып, күшікке үйшікті құрастыруды үйрету. ДМ: Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін дамыту. ТМ: Үй жануарларына қамқорлыққа тәрбиелеу.	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
V	Табиғат әлемі	«Төбешік»	БМ: Төбешік және оның басқыштарын құрастыруды үйрету, қажетті құрылыс	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру

№7 29.11.21ж			<p>материалдарын дұрыс пайдалана алуға жаттықтыру.</p> <p>ДМ: Төбешіктің биіктігін және басқыштарын орналастыру арқылы көз мөлшерін дамыту.</p> <p>ТМ: Құрылыс материалдарымен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>
-----------------	--	--	---	----------------------------------

## Желтоқсан айы 2021 жыл

### Өтетін тақырып: «Менің Қазақстаным»

Апта Күні, айы, жылы	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Әдіс-тәсілдер
II №8 13.12.21ж	«Мереке күні»	«Мұнара»	<p>БМ: Балаларға құрылыс материалдарынан мұнара құрастыра білуге үйрету, көлемі, түсі, пішіні бойынша ретімен орналастыруға дағдыландыру.</p> <p>ДМ: Құрастыруға деген ықыластарын, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу дағдыларын арттыру.</p> <p>ТМ: Оқу қызметінен кейін құрылыс материалдарын жинастыра білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>
V №9 27.12.21ж	Қоршаған орта	«Көпір»	<p>БМ: Құрылыс материалдарының бөлшектерін дұрыс атай білу, бірнеше бөлшектерді дұрыс орналастыру, біріктіру, қосу, үстіне қою арқылы көпір құрастыруға үйрету.</p> <p>ДМ: Сөздерді дұрыс айту арқылы сөйлеу тілін дамыту.</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>

			ТМ: Құрылыс материалдарымен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	
--	--	--	--	--

## Қаңтар айы 2022 жыл

### Өтетін тақырып: «Табиғат әлемі»

Апта Күні, айы, жылы	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Әдіс- тәсілдер
II  №10 10.01.22 ж	Қоршаған орта	Жүк машинасы жолы	<p>Б М: Балаларға кірпіштерді жазықтыққа жатқызып, бір-біріне тізбектеп қосу арқылы "жүк машинасы жолын" құрастыру техникасын игерту; өзі жасаған еңбек нәтижесінен эмоциялық әсер алу қабілетін қалыптастыру.</p> <p>ДМ: Машинаның жүруіне жолдың қажеті туралы түсінік беру, қолдарының ұсақ моторикасы мен зейінін дамыту.</p> <p>ТМ: Тиянақтылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>
IV  №11 24.01.22 ж	Қоршаған орта	Жол жүрейік	<p>БМ: Балаларды құрылыс материалы кірпішпен және оның қасиеттерімен таныстыру; кірпішті бір-бірімен қатар қоюға және бірінің үстіне бірін қалауға үйрету.</p> <p>ДМ: Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін тану дағдыларын қалыптастыру, құрылыс материалдарымен әрекет жасауда қолдарының ұсақ моторикасын, зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту.</p> <p>ТМ: Балалардың құрылыс материалдарына және олармен әрекет жасауға деген</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>

			қызығушылықтарын ояту, оқу қызметіне белсене қатысуға және өз отбасы мүшелеріне жағымды қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.	
--	--	--	---	--

## Ақпан айы 2022 жыл

### Өтетін тақырып: «Бізді қоршаған орта»

Апта Күні, айы, жылы	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты.	Әдіс-тәсілдер
I №13 07.02.22 ж	«Көліктер»	«Трамвай»	БМ: Құрылыс материалдарын дұрыс пайдалану арқылы трамвай құрастыруға үйрету. ДМ: Құрылыс материалдарының жеке бөліктерін бір біріне біріктіру, дұрыс орналастыру және олардың аттарын атай білуге үйрету. ТМ: Құрылыс материалдарын жинастыру арқылы ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
III №14 21.02.22 ж	«Көліктер»	«Қайықтар»	БМ: Көлік құралы ретінде қайық туралы түсінік беру. Құрылыс материалдарын дұрыс пайдалану арқылы қайықтар құрастыруға үйрету. ДМ: Сөздік қорын, ұсақ қол моторикасын дамыту. ТМ: Құрылыстарды өзара әрекеттестікте құрастыра алу, бөлшектерді жинай білуге тәрбиелеу.	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету

## Наурыз айы 2022 жыл

### Өтетін тақырып: «Салттар мен фольклор»

Апта Күні, айы, жылы	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты.	Әдіс- тәсілдер
I    №15 05.03.22 ж	Қоршаған орта	Құлыншаққа қоршау	<p>БМ: Балалардың құрылыс материалы кірпіш туралы түсініктерін дамыту; оның қасиеттері жөнінде алған білімдерін толықтыру; кірпіштен құлыншаққа қоршау жасауға үйрету.</p> <p>ДМ: Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін тану мүмкіндіктерін әрі қарай арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, танымы мен байқағыштығын дамыту.</p> <p>ТМ: Балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға деген қызығушылықтарын ояту; үй жануарларына қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>

## Сәуір айы 2022 жыл

### Өтетін тақырып : «Біз еңбекқор баламыз»

Апта Күні, айы, жылы	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты.	Әдіс- тәсілдер
I      №16 04.04.22 ж	«Біз еңбекқор бала»	Тар және кең керуерттер	БМ: Балаларға тар және кең керуерттерді құрастыруды үйрету, құрылыс материалдарының бөлшектерін атай білу, олардың түсін, пішінін және көлемін ажырата алуға үйрету.  ДМ: Құрылыс материалдарының әртүрлі бөлшектерін кеңістікте дұрыс орналастыра білу қабілеттерін дамыту.  ТМ: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
III      №17 18.04.22 ж	«Біз еңбекқор бала»	«Диван»	БМ: Құрылыс материалдарынан жиһаздар құрастыруды үйретуді жалғастыру, бөлшектерді таңдай білуге үйрету.  ДМ: Жиһаз бұйымдарын атай алу және ажырату.  ТМ: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету

## Мамыр айы 2022 жыл

Өтетін тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Апта Күні, айы, жылы	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты.	Әдіс- тәсілдер
I  №18 02.05.22 ж	Қоршаған орта	Балапанға саты	<p>БМ: Балаларды кірпіштен балапанға саты құрастыруға үйрету; кірпішті бір-біріне жалғап қосып, кірпішті бірінің үстіне бірін қойып, саты құрастыра білуге дағдыландыру;</p> <p>ДМ: Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және байқағыштығын дамыту; балалардың құрылыс материалдарымен әрекет жасауға қызығушылықтарын ояту</p> <p>ТМ: үй құстары тіршілігіне әуестенушілігін арттыру; еңбек нәтижесіне қуану әдетіне тәрбиелеу.</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>
№19 16.05.22 ж	«Үлкендер еңбегі»	«Жиһаз»	<p>БМ: Балаларға құрылыс материалдарынан жиһаз құрастыруды үйрету.</p> <p>ДМ: Кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>ТМ: Құрылыс материалдарымен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>
№20 30.05.22 ж	«Мен жасай аламын»	«Үй және қақпа»	<p>БМ: Балаларға үйді және қақпаны құрастыру және оның бөліктерін дұрыс орналастыруды үйрету.</p> <p>ДМ: Сөздерді дұрыс айту арқылы сөйлеу тілін дамыту.</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p>

			ТМ: Құрылыс материалдарымен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	Үйрету
--	--	--	--	--------

"Таным" білім беру саласы

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ**

1-сағат

## Жаратылыстану

Қыркүйек айы 2021 жыл.

Өтетін тақырып: «Балабақша»

Апта Күні, айы, жылы	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Әдіс- тәсілдер
№1 07.09.21ж	«Менің балабақшам»	«Балабақша біздің екінші үйіміз»	<p>БМ: Балалардың балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Балабақшада еңбек ететін адамдардың мамандықтарымен таныстыру. (медбике, аспаз).</p> <p>ДМ: Балабақшаның балаларды көп нәрселерге үйрететінін және жақсылыққа тәрбиелейтін орын екенін түсіндіру.</p> <p>ТМ: Балабақшада еңбек ететін адамдардың еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу. Балаларды мейірімді болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>
№2 14.09.21ж	«Менің ойыншықтары м»	«Менің тобымдағы ойыншықтар»	<p>БМ: Ойыншықтар туралы түсінігін кеңейту. Ойыншықтың түрлері туралы айту.</p> <p>ДМ: Ой-өрісін кеңейту. Сөздік қорын байыту.</p> <p>ТМ: Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>
№3 21.09.21ж	«Қоршаған орта»	«Менің достарым»	<p>БМ: «Дос, достық» туралы балаларға қарапайым түсініктер беру.</p> <p>ДМ: Сөздік қорын байыту. Сурет бойынша байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>ТМ: Достарына деген құрметтеу сезімдерін ояту. Татулыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>

№4 28.09.21ж	«Жиһаздар»	«Үй жиһаздары» Тоңазытқыш	<p>Б.М:Балаларға үй жиһаздары және оның қажеттілігі туралы түсіндіру. Үй жиһаздарының бірі тоңазытқыш ,оның түрлерімен таныстыру</p> <p>Д М:Балалардың зейінін, қабылдау қабілетін, танымын, тілін, эмоциялық сезімі мен түйсіктерін, коммуникативтік дағдыларын дамыту.</p> <p>ТМ:Балаларда тұрмыстық техникаға деген қызығушылықты ояту және үй қолданысындағы заттарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
-----------------	------------	------------------------------	---	--

### Қазан айы 2021 жыл

#### Өтетін тақырып: «Менің отбасымдағы еңбек»

Апта  Күні,айы, жылы	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Әдіс-тәсілдер
№5 05.10.21ж	«Алтын күз»	«Қош келдің,алтын күз!»	<p>БМ:Балаларға күз мезгілі туралы ұғым беру; күз мезгіліне тән табиғат құбылыстарымен және ерекшеліктерімен таныстыру.</p> <p>ДМ.Балалардың күз құбылыстары және ерекшеліктері арқылы зейінін, қабылдауын, тілін және түйсігін дамыту.</p> <p>ТМ.Балаларда күз мезгіліне деген қызығушылықты ояту және табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.</p>	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету

<p>№6 12.10.21ж</p>	<p>«Көңілді бақша»</p>	<p>Жемістер мен көкенистер</p>	<p>БМ:Балаларды жемістер мен көкенистердің бірнешеуін атауға, сыртқы сипатына қарап, ажыратуға үйрету.</p> <p>ДМ: Балалардың тілін, ой-өрісін дамыту, адамның еңбегін қадірлеу негіздерін салу.</p> <p>ТМ:Көкенис түрлерінің бақшада, жемістердің бау-бақшада өсетіні туралы ұғымдарын қалыптастыру.</p>	<p>Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету</p>
<p>№7 19.10.21ж</p>	<p>«Алтын күз»</p>	<p>Жапырақтар</p>	<p>БМ: Балаларға жапырақтардың түсуі туралы ұғым бере отырып, олардың күз мезгіліндегі түсі, ерекшеліктері, құрылымы жөнінде білімдерін кеңейту.</p> <p>ДМ: Балалардың жапырақтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, жаңа материалды қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту.</p> <p>ТМ:Балаларда күзгі табиғат құбылысы мен жапырақтардың түсуіне қызығушылықты ояту; эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.</p>	<p>Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету</p>
<p>№8 26.10.21ж</p>	<p>«Үлкендер еңбегі»</p>	<p>«Аула сыпырушының жұмысын бақылау»</p>	<p>БМ:Аула сыпырушының еңбегі туралы қарапайым түсінік беру.</p> <p>ДМ:Қоршаған ортаны тануға деген құштарлығын дамыту.</p> <p>ТМ:Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p>	<p>Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету</p>

## Қараша айы 2021жыл

### Өтетін тақырып: «Дені саудың-жаны сау»

Апта Күні,айы, жылы	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Әдіс-тәсілдер
№9 02.11.21ж	«Дені саудың-жаны сау»	«Жаттығу-жанның тынысы»	<p>БМ: Дене жаттығуларының адам ағзасына тигізер пайдасы туралы түсінік беру.</p> <p>ДМ: Дене қимыл-қозғалыстарын дамыту.</p> <p>ТМ: Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>
№10 09.11.21ж	«Тазалық-денсаулықтың кепілі»	«Тазалықтың досы»	<p>БМ: Денсаулық туралы түсінік беру.</p> <p>ДМ: Күн тәртібіне үйреніп дағдылануға үйрету.</p> <p>ТМ: Дені сау, шымыр болып өсуге тәрбиелеу. Тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>
№11 16.11.21ж	«Тазалық денсаулықтың кепілі»	«Тазалық құралдары»	<p>БМ: Балаларға тазалық құралдары туралы түсінік беру.</p> <p>ДМ: Сөздік қорын байыту. Сурет бойынша байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>ТМ: Тазалық құралдарын ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу.</p>	<p>Әңгімелеу</p> <p>Таныстыру</p> <p>Түсіндіру</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Үйрету</p>

<p>№12 23.11.21ж</p>	<p>«Өзім туралы»</p>	<p>Қуыршақ Дана қонақта</p>	<p>БМ:Балаларды қуыршақпен таныстыру барысында оның дене мүшелерінің негізгі атауларымен таныстыру.</p> <p>ДМ:Қуыршақтың дене мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру; жаңа материалды қабылдауда балалардың зейінін, тілін, эмоциялық қабылдауы мен түйсігін дамыту.</p> <p>ТМ: Балаларда қуыршаққа деген қызығушылықты арттыру,достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру, Сұрақ-жауап Үйрету</p>
<p>№13 30.11.21ж</p>	<p>« Аспан әлемі»</p>	<p>Ауаның қасиеті</p>	<p>Б М:Балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыра отырып, оның бар екенін шар көлемінің өсуін немесе азаюын көзбен көрсету арқылы түсінік беру;</p> <p>ДМ:Ауаның адам өмірінде алатын маңызы жөнінде білімдерін кеңейту.</p> <p>ТМ :Балалардың байқағыштығын, қабілеті мен танымын, тілін, эмоциялық сезімі мен түйсіктерін дамыту.</p>	<p>Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру, Сұрақ-жауап Үйрету</p>

## Желтоқсан айы 2021жыл

Өтетін тақырып: «Менің Қазақстаным»

Апта  Күні, айы, жылы	Апталық тақырыптар	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаты	Әдіс-тәсілдер
№14 07.12.21ж	«Туған өлкем»	«Туған өлкем тамаша!»  (сурет бойынша әңгіме)	БМ:Туған өлкенің табиғатының ерекшеліктерімен таныстыру.  ДМ:Балалардың ақыл-ойын, есте сақтау қабілетін дамыту.  ТМ:Туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
№15 14.12.21ж	«Ғажайып қыс»	«Алақай қыс келді»	БМ:Балаларда қыс мезгілі туралы негізгі ұғымдардың қалыптастыру; қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстарымен таныстыру.  ДМ:Балалардың зейінін, қабылдау қабілетін, ой-өрісін, тілін, эмоциялық сезімдерін дамыту.  ТМ:Балаларда қыс мезгіліне деген қызығушылықты арттыру, достыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету
	«Қыс қызығы»	«Аппақ қар»	БМ: Балалардың санасына жылдың осы маусымына тән құбылыстар (қар) туралы түсінік қалыптастыру.  ДМ:Көру арқылы қабылдау және зейін қою, қалыптасқан жағдайға қатысты қарапайым	Әңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету

№16 21.12.21ж			нұсқаулықтарды түсіну және орындау қабілетін дамыту. ТМ:Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін дамыту.	
№17 28.12.21ж	«Қош келдің, жаңа жыл!»	«Жасыл шырша»	БМ:Балаларды шыршамен таныстыра отырып, шыршаның басқа өсімдіктерге, ағашқа, гүлге, ұқсамайтыны жөнінде ұғым беру.  ДМ:Шырша ағашы жаңа жылда барлық адамдарға қуаныш сыйлайтын ағаштардың бірі ретінде түсінік қалыптастыру. ТМ:Балаларда шырша ағашына деген қызығушылықты ояту және табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Өңгімелеу Таныстыру Түсіндіру Сұрақ-жауап Үйрету

## Қаңтар айы 2022 жыл

Өтетін тақырып: «Табиғат әлемі»
